

**Кентау қалалық емханасының
ұжымы жалпы жиналасының хаттамасы**

11 наурыз 2025 жыл.

№1/25

Кентау қаласы.

Жалпы жиналысқа төрағалық етуші, Кентау қалалық емханасының басшысы Г.Б. Мырзабеаков

Жиналыс хатшысы, заң кеңесшісі А.К.Жакыпбеков

Жиналысқа қатысушылар: Кентау қалалық емханасы ұжымының қызметкерлері

Жалпы жиналыс күн тәртібіне төмендегі мәселені қарауды енгізді:

1.«Кентау қалалық емханасы» ұжымының қызметкерлерінің қатысуымен Қазақстан Республикасы 18 қарашадағы 2015 жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, ***ҚР Қылмыстық Кодексінің 189, 190, 218, 249, 361, 362, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451, 452*** баптарын және Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 2014ж. 5 шілдедегі ҚР Кодексінің 34-тарауындағы көрсетілген жауапкершілік туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу жөнінде баяндама жасау. ***(Қандай сыйлық «Пара» деп саналады және оған қандай жаза көзделінгендігі туралы түсіндіру)***

Төрағалық етуші, басшы Г.Мырзабеаков күн тәртібінде бекітілген мәселе бойынша баяндама жасау үшін,заң кеңесшісі А.К. Жакыпбековқа берді.

Баяндамашы А.К.Жакыпбеков өзінің баяндамасында, сыбайлас жемқорлық бойынша Қазақстан Республикасында 18 қараша 2015 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 2014 ж. 5 шілдедегі ҚР Кодексінің 34-тарауында және жоғарыда аталған ҚР Қылмыстық Кодексінде қылмыстық кодекстің әр-бір баптарының жауапкершіліктерін толықканды түсіндірді.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы-адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне,түптеп келгенде,билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хак. Сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналды,себебі бұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда өкіметке, билікке деген сенімсіздік тудырады. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне кедергі келтіретіні даусыз.

Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар

мен лауазымды адамдар өз күзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу - жалпыға ортақ міндет.

Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылыққа жол бергендерге қылмыстық жазалар қарастырылған. Атап айтқанда, ҚР Қылмыстық Кодексінің 189, 190, 218, 249, 361, 362, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451, 452 баптарын, оның ішінде 366-бабына сәйкес, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы-мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Сонымен қатар Қылмыстық Кодексінің 367-бабына сәйкес, мемлекеттік функцияларды, орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру-мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен отыз еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады және ҚР Қылмыстық Кодексінің 368-бабына сәйкес, паракорлыққа делдал болу, яғни пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізу немесе оны іске асыруға ықпал ету-мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Сонымен қатар Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 2014 ж 05 шілдедегі ҚР Кодексінің 34-тарауындағы 676-681 баптарында әкімшілік жауапкершілік қарастырылғаны түсіндірілді. Жалпы жиналысқа қатысушылар баяндамашының жасаған баяндамасын талқылау барысында өз пікірлерін ортаға салып, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зияныды зардаптарын жою, олардың алдын алу және

барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде күрес жүргізуі, яғни жемқорлықпен күресу керектігі жөнінде ойларымен бөлісті.

Жалпы жиналыс күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша

ШЕШІМ ЕТТІ:

-Қазақстан Республикасы 18 қарашадағы 2015 жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 2014ж 5 шілдедегі ҚР Кодексін ҚР Қылмыстық Кодексін талқылау және ұжым қызметкерлері алдында түсіндіру жұмыстарын одан әрі белсенді жүргізуді жалғастыруды;

-ұжым қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу мәселесін үнемі талқылап отыруды.

Жалпы жиналыс төрағасы:

Г. Б. Мырзабеков

Жалпы жиналыс хатшысы:

А. К. Жакыпбеков

